

Қаржы агенттігі үшін пруденциалдық нормативтер және қаржы агенттігі мәртебесін жоғалту тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 251 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 19 тамызда тіреклді. Тіркеу нөмірі N 2449. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 77 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қаржы агенттіктері үшін мынадай пруденциалдық нормативтер белгіленсін:

- 1) меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері - кем дегенде 1 миллиард теңге;
- 2) меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті - кем дегенде 0,08.

2. Меншікті капиталдың мөлшерін, меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициентін есептеу тәртібі осы қаулының 1-қосымшасымен айқындалады деп белгіленсін.

3. Қаржы агенттіктерінің пруденциалдық нормативтерді сақтауын бақылауды бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

4. Пруденциалдық нормативтерді сақтауы мақсатында қаржы агенттігі есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың он бесінші күннен Астана уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес ресімделген есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың бірінші күнінің басындағы жағдай бойынша пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы мәліметтерді, сондай-ақ бухгалтерлік баланс және пайда мен зиян туралы есеп электрондық және қағаз тасымалдағышта уәкілетті органға ұсынады;

Электрондық тасымалдағыштағы есептер құпиялылығын және ұсынылатын деректердің түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдаланумен ұсынылады.

Есептілік есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағышта қаржы агенттігінің бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырылады және уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ қаржы агенттігінде сақталады.

Қаржы агенттігі уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күннен кешіктірмей белгілі бір күнгі жағдай бойынша есептілікті қағаз тасымалдағышта ұсынады.

Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін банктің бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер қамтамасыз етеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4-1. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне байланысты, қаржы агенттігі есептілікті ұсынған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш ұсынады.

Қаржы агенттігі ұсынған есептілікте толық емес және (немесе) шынайы емес ақпаратты анықтаған кезде уәкілетті орган ол жайында қаржы агенттігіне хабарлайды. Қаржы агенттігі уәкілетті орган хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған есептілікті ұсынады.

Ескерту. Қаулы 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4-2. Пруденциалдық нормативтер мәндері белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қаржы агенттігі сәйкессіздік анықталған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, пруденциалдық нормативтерді сақтамау фактілері мен себептері туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Қаржы агенттігінің өтініші бойынша пруденциалдық нормативтердің мәндерін осы қаулының талаптарына сәйкес келтіру жөнінде оларға берілген жоспар негізінде қаржы агенттігіне құқық бұзушылықтарды жою үшін қырық бес күннен аспайтын мерзім берілуі мүмкін.

Ескерту. Қаулы 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін

қолданысқа

енгізіледі)

Қаулысымен.

5. Уәкілетті орган қаржы агенттігі мәртебесін ұйымның жоғалтуы туралы шешімді мынадай жағдайлардың бірі басталған фактісі анықталғаннан кейін бір ай ішінде :

1) қаржы агенттігі қаржы агенттігі ұғымына немесе қаржы агенттігіне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда ;

2) осы қаулымен белгіленген пруденциалдық нормативтер бір жыл ішінде орындалмаған жағдайда қаржы агенттігі мәртебесін ұйымның жоғалтуы туралы шешім қабылдайтыны белгіленсін.

6. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының барлық мүдделі бөлімшелеріне, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушыларға, бағалы қағаздар рыногында депозитарлық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, " Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

8. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
" Қаржы агенттігі үшін
пруденциалдық нормативтер
және қаржы агенттігі мәртебесін
жоғалту тәртібі туралы"
2003 жылғы 25 шілдедегі
№ N 251 қаулысына
1-қосымша

1. Меншікті капитал :

жарғылық капиталдың сомасын (алынып тасталған капиталды шегере отырып), өткен жылдардың таза кірісі, сондай-ақ басқа заңды тұлғалар акцияларына

салынған сомаларды (жарғылық капиталда қатысу үлесін) алып тастағанда өткен жылдардың бөлінбеген таза кірістері есебінен қалыптасқан қорлар мен резервтерді білдіреді.

2. Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті басқа заңды тұлғалар акцияларына салынған сомаларды (жарғылық капиталда қатысу үлесін) қоспағанда, активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің сомаларына меншікті капиталдың қатынасы ретінде есептеледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Қаржы агенттігі үшін
пруденциалдық нормативтер
және қаржы агенттігі мәртебесін
жоғалту тәртібі туралы"
2003 жылғы 25 шілдедегі
№ N 251 қаулысына
2-қосымша
200 _____ " _____"
пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы мәліметтер

(қаржы агенттігінің атауы)

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

мың теңге

Құрамдас бөліктерінің атауы	Мәні
-----------------------------	------

Жарғылық капитал (алынып тасталған капиталды шегере отырып)	
---	--

Өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптасқан қорлар мен резервтер	
---	--

Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	
--	--

Басқа заңды тұлғалардың акцияларына салынған сома (жарғылық капиталда қатысу үлесі)	
---	--

Меншікті капиталдың жиынтығы	
------------------------------	--

Активтер	
----------	--

Шартты және ықтимал міндеттемелер	
-----------------------------------	--

Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті
(к е м д е г е н д е 0 , 0 8)

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ [мөрі]
(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)

Бас бухгалтер _____
(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)

Орындаушы _____
(аты-жөні) (телефоны)